

2022-2023 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жүргізген жұмысына талдау

Оқу жылы басында ата-аналардан келіп түскен өтініші бойынша класс жетекшілер, ата-аналар комитетінің төрайымы және мектептің әлеуметтік педагогы А.К.Қалсаева қатысуымен әр отбасының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайының зерттеу актісі жасалды. Осы зерттеу актісінің негізінде мектептегі аз қамтылған отбасы балаларының тізімі құрылып, ол мектеп басшысы тарапынан бекітілді. 1-11 кластар бойынша оқу жылы басында аз қамтылған отбасы балаларының саны – 39 оқушы. Оқу жылы аяғында аз қамтылған балалар саны – 39

Оқу жылы	Барлығы	оның ішінде		
		Аз қамтылған	АСП	қорғаншылықта
2022 - 2023	39	10	28	1

2022 жылдың қыркүйек айында өткен «Мектепке жол», желтоқсан, наурыз айларында өткен «Қамқорлық» акциялары кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына демеушілер, ЖББ қорынан жан-жақты көмек берілді. Атап өтсек, оқу құралдары, ақшалай көмек берілді. Әр өтілген акцияның бұйрығы шығарылып, жұмыс жоспары құрылды.

Мектеп оқушылары арасынан әлеуметтік жағдайы төмен аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары оқу жылының басында мектептен қажетті оқулықтармен қамтылды.

Желтоқсан айындағы «Қамқорлық» акциясында аз қамтылған отбасы балалары Жаңа жылдық сыйлықтар қамтылды. Сонымен қатар, үйден оқытылатын 4ә класс оқушысы Талғатқызы Аминаға, Жаңа жылдық сыйлық табыс етілді.

Аз қамтылған отбасы оқушыларының жазғы демалысының ұйымдастырылуы:

Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы

2022-2023 оқу жылының басында мектепте оқушылар арасында ыстық тамақты ұйымдастыру туралы, мектеп оқушыларын тамақпен қамтуды ұйымдастыру және тамақтың сапалы дайындалуын тексеретін мектепшілік комиссия құру туралы, тамақтанудағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы бұйрықтар шығарылды. Осы бұйрықтар негізінде арнайы бір жылдық жұмыс жоспары құрылды. Екі апталық ас мәзірі Ақтөбе қалалық тұтынушыларының құқықтарын қорғау басқармасы тарапынан бекітілген. Жеке кәсіпкер Г.Уралбаева 1-11 класс оқушыларына тамақтануды ұйымдастыру қызметіне байланысты және ЖББ қорынан оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге байланысты жасалған келісімшарттар негізінде мектебіміздің асханасын жалға алып жұмыс жасады.

Оқушыларға берілетін ыстық тамақ Ақтөбе қалалық тұтынушыларының құқықтарын қорғау басқармасы тарапынан бекітілген екі апталық ас мәзірі бойынша әзірленді. Оқу жылы бойы ЖББ қорынан бөлінген қаржы есебінен 1-11 кластың аз қамтылған 39 оқушысы тегін ыстық тамақпен толық қамтылды. Аз қамтылған отбасы оқушыларына күніне 507 теңге көлемінде тегін тамақтануға талон таратылды. Мектепте тамақтандыру ісін жетілдіру мен азық-түлік тағамдарын дәруменді-минералды кешендермен байыту және дұрыс тамақтануды насихаттау. Мектеп психологы оқушылардың жас ерекшелігіне қарай сауалнама алып, мектеп дәрігері мен медбике тарапынан оқушылармен кездесулер ұйымдастырылды, ашық сабақтар өткізілді, көрмелер ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс есебі.

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, оқушылармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау

Жұмыс объектісі – оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Мектептің оқушыларының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу барысы бойынша жүргізілген жұмыстар

Әлеуметтік төлқұжаты жасақталды.

№39 орта мектебінің әлеуметтік төлқұжаты

Оқушылардың барлық саны - 983

Жанұя құрамы:

Көп балалы жанұя - 183

Толық емес жанұя - 123

Аз қамтылған - 39

Жағдайсыз жанұя - 0

Қамқоршылықтағы, жетім бала - 1

Ата-әжесімен бірге тұратын бала - 54

Тұрмыстық жағдайы:

Жалдап тұратын - 86

Саяжайда тұратындар - 74

Мектептен тыс мекемелерге қатынасатын оқушылар:

Музыка мектептерінде - 27

Спорт секцияларында - 101

Театр студияларында -

Би үйірмелеріне қатысушылар - 90

Сурет, өнер студияларында - 20

Оқушылардың денсаулық жағдайы:

Үйден оқытылатын оқушылар - 1

К/с		Саны
1	Әкесі жоқ балалар	26
2	Анасы жоқ балалар	14
	Тәуекел тобына жататын балалар	
	1. Мектепішілік қиын балалар	0
	2. ҚДН-ге тіркелген балалар	0
5	Сәтсіз жанұя	
	1. Ішімдікке әуес ата-аналар	0
	2. Бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналар	0
	3. Баласын тәрбиелеуге әлі келмейтін ата-аналар	0

Атқарылған жұмыстардың жақсы нәтижелері:

1. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға мүмкіндігінше көмектер берілді. Оқушылар мен ата-аналары мектеп әкімшілігіне алғыстарын білдірді.

Ұсыныс:

Келесі оқу жылында аз қамтылған отбасы оқушыларын үйірмелермен қамтамасыз ету жағын қарастыру.

Класс жетекшілерімен бірлесіп отырып, аз қамтылған отбасы оқушыларын қаламыздағы мәдени орындарға көбірек апару.